

**"Жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа мемлекеттік қызмет көрсету туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 501 Қаулысы

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.05. N 1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесінің 57.6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі - орталықтар) "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету ұйымдастырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.05. N 1 қаулысымен.**

2. **Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1264 Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Әділет, Қаржы, Ішкі істер министрліктері, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару, Ақпараттандыру және байланыс агенттіктері орталықтарды ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі жөніндегі өзара іс-қимыл туралы бірлескен бұйрық әзірлесін және бекітсін.

4. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      2 4                      м а м ы р д а ғ ы

N 501 қаулысына қосымша

**Астана және Алматы қалаларындағы "жалғыз терезе" қағидаты бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.08. 906 қаулысымен.**

1. А с т а н а                      қ а л а с ы                      б о й ы н ш а :

- 1) Алматы ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы;
- 2) Сарыарқа ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы.

2. А л м а т ы                      қ а л а с ы                      б о й ы н ш а :

1) Алмалы ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы;

2) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

3) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

4) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

5) ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

б) Түріксіб ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы.